

Ж.Мусин атындағы Көкшетау жоғары қазақ педагогикалық колледжі

№ 2 ғылыми-әдіснамалық кеңес отырысының ХАТТАМАСЫ

Көкшетау қаласы

22.01.2025 жыл

Қатысқаны: әкімшілік, оқытушылар құрамы

Қатыспағаны: –

Себепті: –

Себепсіз: –

КҮН ТӘРТІБІНДЕ:

1. I жартыжылдықта атқарылған ғылыми-әдістемелік жұмыстардың есебі
2. Оқу құралдарын құжаттамалық жабдықталуы мен дайындық деңгейі
3. «Оқуға құштар колледж» жобасы бойынша атқарылған жұмыстар

ТЫНДАЛДЫ:

№ 2 ғылыми-әдіснамалық кеңесті колледж директоры Н.Ахат ашып, күн тәртібімен таныстырып өтті. Күн тәртібіндегі бірінші мәселе бойынша сөз кезегі директордың ғылыми-әдістемелік жұмысы бойынша орынбасары Батанасова Бақытгүл Ерғалиқызына берілді. Б.Батанасова колледждегі ғылыми-әдістемелік және инновациялық жұмысты ұйымдастыру бойынша анализ-жоспарының мақсатымен таныстырып, оны жүзеге асырудың негізгі бағыттарына тоқталып, толық ақпарат берді. Атап айтқанда, педагогтің қабілет-қарымына байланысты конкурстарға қатысуы; біліктілікті жетілдіру курстары; жас мамандарға арналған тәлімгерлік жобалар; студенттер жетістігі; түрлі деңгейдегі конференциялар мен семинарлар. Нәтижелерін 2024-2025 оқу жылындағы кафедралардың I жартыжылдық рейтингісінде көрсетіп, әрі қарай оқытушылардың ғылыми-әдістемелік және шығармашылық әлеуетін көтеру қажеттігін ескертті. Сондай-ақ, 2024-2025 оқу жылының қыркүйек-желтоқсан айлары аралығындағы бөлімдер бойынша студенттердің ғылыми-кәсіби жетістіктерінің рейтингісі туралы ақпарат беріп, әлсіз тұстарды атап өтті. Музыка, информатика, бастауыш білім беру, ағылшын бөлімдерінің студенттерінің рейтингісін көтеру мақсатында жұмыстар атқару қажеттігі туралы ұсыныс жасалды.

Күн тәртібіндегі екінші мәселе бойынша сөз кезегі мектепке дейінгі бөлімінің арнайы пәндер оқытушысы Әмірова Сағира Абзалқызына берілді. С.Әмірова мектепке дейінгі бөлімінің оқытушысы А.П.Кравченкомен бірлесіп жазған «Бала тілін дамыту әдістемесі» оқулығының мазмұны, студенттің өзіндік жұмысына арналған тапсырмалары, оқулыққа пікір жазған ғалымдар туралы ақпарат беріп, құжаттамалық жабдықталуы мен дайындық деңгейі бойынша есебін таныстырды. Оқулықтың ішкі мазмұнына, сыртқы мұқабасының дизайнына, орфографиялық қателері мен техникалық қателеріне тоқталып өтті. Кейбір оқытушылардың оқулықтары бойынша ұсыныстар мен ескертулер айтылды.

Сондай-ақ, Ә.Ф. Шайрахметованың «Хор және хорды басқару», М.Қ. Жабағинованың «Рабочая тетрадь по русскому языку и литературе» оқу құралдарының дайындық деңгейлері тексеріліп, ұсыныстар айтылды.

Күн тәртібіндегі келесі мәселе бойынша «Оқуға құштар колледж» жобасы негізінде атқарылған жұмыстар жөнінде Абай атындағы электронды-ресурстық орталығының меңгерушісі З.Ж.Ермағанбетова сөйледі. Сөз кезегінде «Жасампаз оқырман дағдысы» жобасы бойынша атқарылған жұмыстар бойынша қысқаша тоқталып өтті. Сонымен қатар, колледждің үздік оқырман студенттері, Абай атындағы электронды-ресурстық

кітапханасында жиі оқылатын кітаптар, 1 курс студенттерімен атқарылған жұмыстар туралы ақпарат берді.

Сонымен қатар, 109, 211, 302, 304 дәрісханаларының меңгерушілері колледждегі жөндеуге ұсынылатын дәрісханалар мен ашылатын құзыреттілік аландарының жоба-жоспарларын таныстырып өтті. Дизайны, жоспары, мазмұны бойынша ұсыныстар жасалып, жобаны қайта қарастыру қажеттігі ескерілді.

Жиналысты директордың ғылыми-әдістемелік жұмысы бойынша орынбасары Б.Батанасова қорытындылап, қаулы оқыды.

ҚАУЛЫ:

1. Педагогикалық ұжымның ғылыми-педагогикалық әлеуетін көтеру алгоритмдері нақтыланып, жетілдірілсін.

Жауапты: Б.Батанасова
М.Сатиева
кафедра жетекшілері

2. Студенттердің ғылыми-кәсіби жетістіктері көрсеткіштерін жақсарту үшін әр бөлім студенттерінің рейтингісі жылына екі рет шығарылсын.

Жауапты: Б.Батанасова
М.Сатиева
бөлім меңгерушілері

3. Қазақстан Республикасының №83 бұйрығына сәйкес аттестаттаудан өтетін әр оқытушы «Ұстаз» платформасына құжаттарын жинақтап, уақытында жүктеу педагогтің өз құзырына алынсын, педагог қызметкерлердің біліктілік санатын алуға дайындығы сапалы жүргізілсін.

Жауапты: Б.Батанасова
М.Сатиева
аттестатталушы оқытушылар

4. Педагогикалық сала бойынша техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі білім беру ұйымдарының педагогтері арасындағы облыстық кәсіби шеберлік конкурсына қатысушыларға жұмыс тобы құрылып, қолдау көрсетілсін.

Жауапты: Б.Батанасова
М.Сатиева
жұмыс тобы

5. 2024-2025 оқу жылында жөндеу жүргізілетін дәрісханалар мен құзыреттілік орталықтары мазмұндық, әдістемелік тұрғыда жетілдірілсін. Жобаны ұсыну уақыты – 31.01.2025 ж. Алғашқы дәрісхананың жөндеу жұмыстары наурыз айында басталсын.

Жауапты: Колледж әкімшілігі
дәрісхана жетекшілері

6. Мектепке дейінгі бөлімінің арнайы пәндер оқытушылары С.Әмірова мен А.Кравченконың Г.Құдайбергеновамен бірлесіп жазған «Бала тілін дамыту әдістемесі»,

музыка бөлімінің арнайы пәндер оқытушысы Ә.Шайрахметованың «Хор және хорды басқару», филология бөлімінің жалпы пәндер оқытушысы М.Жабагинованың «Рабочая тетрадь по русскому языку и литературе» оқу құралдарының ілесіп құжаттары жинақталып, білім мазмұнын сараптау орталығына тапсырылсын. Мерзімі: 17.02.25 ж.

Жауапты: Б.Батанасова
С.Әмірова
А.Кравченко
Ә.Шайрахметова
М.Жабагинова

7. «Оқуға құштар колледж» жобасын жүзеге асыруда кітапханашы, студент, топ жетекшісі үштігінің бірлескен қызметінің нәтижелі тетіктерін анықтау.

Жауапты: Б.Батанасова
М.Сатиева
кітапханашылар

8. 2024-2025 оқу жылының I жартыжылдығында бөлімдер арасында студенттердің ғылыми-кәсіби жетістіктерінің рейтингісінде төмен нәтиже көрсеткен ағылшын, музыка, информатика бөлімдері білім алушылардың ғылыми, әдістемелік және шығармашылық бағыттардағы жетістіктерін арттыру жұмыстары жүргізілсін.

Жауапты: бөлім меңгерушілері
кафедра жетекшілері

9. Жас педагог мамандар кәсіби дағдылары мен білімдерін арттыру, педагогикалық қызметте өзін-өзі жетілдіруі мен қосымша білім меңгеруі мақсатында колледждің Абай атындағы электронды-ресурстық кітапханасының мүмкіндіктерін пайдаланып, жұмыс атқарсын.

Жауапты: Б.Батанасова
М.Сатиева
кафедра жетекшілері

Колледж директоры



Ахат Нұртас Ахатұлы

(қолы)

Хатшы

(қолы)

Сапабекова Диана Оралқызы